

Жастар саясаты: өзекті мәселелер және даму болашағы

**Армысыз Алтынбек Нухұлы,
құрметті ғылыми кеңес мүшелері!**

«ПМПУ-дағы жастар саясаты: мәселелер, өзекті мақсаттар мен даму болашағы» тақырыбындағы қысқаша баяндамамды сіздердің назарларыңызға ұсынамын.

Өскелең ұрпақ – қоғамдағы барлық өзгерістердің басты факторы. Жастар – келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін Университет қабырғасында оқып жүрген кезінен бастап қалыптастыруы қажет. Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасының миссиясы да осында жатыр.

Осы тұрғыда, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті елімізде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру және жастардың қоғамдағы рөлін арттыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарып, жобаларды іске асыруда.

Бүгінгі күні жастар саясатын жүзеге асырудың мемлекеттік ұстанымын айқындайтын маңызды құжаттар: *«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы*, *«Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы»* және *«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы*. Бұл нормативтік құжаттар мемлекет дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырудың және жүзеге асырудың құқықтық негіздерін айқын белгілейді.

Осы 2020 жылдың трендтері. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жасаған Жолдауында 2020 жыл – «Еріктілер жылы» деп жариялады. Басты мақсат – ерікті қызметке азаматтарды, әсіресе жастарды тарта отырып, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру болып табылады.

Елбасының Үшінші әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру.

Сонымен қатар, 2020 жылы – Ұлы Абайға 175 жыл, Әлем ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиға 1150 жыл, Ұлы Жеңіске 75 жыл толады.

Университетте адалдықты дамыту.

Осындай мемлекеттік және жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен маңызы бар іс-шараларды қолдап, жүзеге асыру мақсатында Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті көптеген жобаларды өткізуді жоспарлап отыр.

Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін келесі жобаларды іске асыру көзделген.

Еріктілер жылы бойынша. Университеттің жас қызметкерлері арасында «Күміс құрам» еріктілер ұйымын құру.

- «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасын іске асыру;
- Мектеп оқушыларының қатысуымен «Білімді жас ұрпақ» жобасын іске асыру;
- Студенттердің бастамасымен студенттерге арналған фронт-офистың жобасын әзірлеу.

Үшінші әлеуметтік бастама.

550 орынға арналған студенттік жатақхана құрылысын аяқтау.

Мерей тойлар бойынша.

Абайдың 175 жылдығы мерейтойы аясында белсенді студент жастармен бірге «Абай жолы» саяхат жобасын жүзеге асыру.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аясында, «Ғаламның ғұлама ұстазы» атты Республикалық студент ақындар айтысын өткізу;

Абайдың 175 жылдығы мерейтойы аясында «Әнді сүйсең, менше сүй» атты аймақтық ЖОО студенттері арасында эстрадалық ән байқауын өткізу және т.б.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы.

«Адалдық алаңы» жобасы аясында Университет қабырғасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды жүргізу, студенттерді және қызметкерлерді адалдыққа шақыру жұмыстарын дамыту;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» стандартын бекіту;

Курстар, дәрістер және семинарлар арқылы студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымын қалыптастыру бойынша ПОҚ біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;